

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 26 шілдедегі № 195 "Хромтау аудандық мәслихатының 2009 жылдың 29 қаңтарындағы "Айына салық салу бірлігі үшін тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" № 101 шешіміне өзгертулер енгізу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 7 ақпандағы № 14 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 28 ақпанда № 3-12-145 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 189 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 02.03.2018 № 189 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне норма шығармашылық қызметті жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 1 сәуіріндегі № 425-IV Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Хромтау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 шілдедегі № 195 "Хромтау аудандық мәслихатының 2009 жылдың 29 қаңтарындағы "Айына салық салу бірлігі үшін тіркелген салық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" № 101 шешіміне өзгертулер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-124 санымен тіркелген, 2010 жылғы 2 қыркүйектегі аудандық "Хромтау" газетінің № 38 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

1) шешімінің кіріспе бөлігінде;

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" "Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28 бабын" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы
Е.Юшкевич

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Д. Молдашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК